

**ІШКІ АУДИТ ҚЫЗМЕТТЕРІ ТУРАЛЫ
ЕРЕЖЕ**

Рев.№	Беттері өзгерген	Әзірледі	Бекітті
0		«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Ішкі аудит қызметі, ІАҚ басшысының м.а. – Қорғанбаева М.Т.	«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесінің 2017 ж. 30 наурыздағы № 2/17 шешімі
1	2,3,6,8	«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Ішкі аудит қызметі, ІАҚ басшысы – Қорғанбаева М.Т.	«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ Директорлар кеңесінің 2018 ж. 26 қыркүйек № 8/18 шешімі

1-тарау. Терминдер мен анықтамалар

Осы Ережеде мынадай түсініктер мен қысқартулар қолданылады:

- **Ішкі аудит** – ХКТН-ге сәйкес ол «ұйым қызметін жетілдіруге бағытталған тәуелсіз және объективті кепілдіктер мен консультацияларды ұсыну қызметі. Ішкі аудит тәуекелдерді басқару, бақылау және корпоративтік басқару процестерін бағалауға және оның тиімділігін арттыруға жүйелі және дәйекті тәсілді пайдалана отырып, қойылған мақсаттарға жетуді ұйымдастыруға көмектеседі.»;

- **ХКТН** – ішкі аудиттің тұжырымдамалық негіздері, халықаралық Ішкі аудиторлар институты (ИА) әзірлеген жалпы жұрт қабылдаған жүйеленген нормативтік-әдістемелік құжаттар. ХКТН-нің құрастырушы элементтері Ішкі аудиттің кәсіби тәжірибесінің негізгі принциптері, Этика кодексі, Ішкі аудиттің стандарттары мен анықтамалары болып табылады;

- **Қоғам** – «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ;
- **ІАҚ**– Ішкі аудит қызметі;
- **ДК** – Қоғамның Директорлар кеңесі;
- **АК** – Қоғамның Аудит комитеті;
- Аудиттің көлемі - аудит объектілерінің жиынтығы (ЕТҰ, Қоғам процестері/бөлімшелері/ жобалары/жекелеген салалары);

- **ЕТҰ** – Қоғамның еншілес және тәуелді ұйымдары;

- **Топ** – Қоғам және ЕТҰ;

- **Топ ұйымдары** – осы ережелердің мақсатында, бұл ЖАЖ-ға енгізілген ұйымдар;

- **ЖАЖ** – жылдық аудиторлық жоспар;

- **Кепілдіктер картасы** - Топ ұйымдарының жекелеген тәуекелдерін бағалауға қатысты ІБҚ мен өзге де мүдделі тараптардың екінші қорғау желісі бөлімшелерінің жауаптылық саласын айқындайтын құжат.

2-тарау. Жалпы ережелер

2. Осы Ереже төмендегілерге сәйкес әзірленген:

- «Акционерлік қоғамдар туралы» Қазақстан Республикасының Заңына;

- Қоғам Жарғысына;

- Директорлар кеңесі туралы, Ішкі аудит комитеті туралы ережелерге;

- ХКТН;

- халықаралық Ішкі аудиторлар институтының Этика кодексіне.

3. Ішкі аудит қызметі туралы ереже (бұдан әрі - ІАҚ) ІАҚ мақсаттарын, өкілеттіліктері мен міндеттемелерін анықтайтын ішкі құжат болып табылады.

3-тарау. ІАҚ-ның ұйымдастыру мәртебесі

4. ІАҚ тәуелсіздікті қамтамасыз ету мақсатында функционалды Қоғамның ДК-ға есеп береді және әкімшілікті Қоғам Басқармасына есеп береді.

5. ДК-ға функционалды есеп беру дегеніміз ДК:

- ІАҚ туралы ережені, ІАҚ қызметкерлерінің Этика кодексін, ІАҚ әдістемелік құжаттарын (саясатын, процедураларды) бекітетінін;

- ІАҚ қызметінің жылдық және стратегиялық (бар болса) жоспарларын бекітетінін;

- ішкі аудит қызметінің қорытындылары туралы есепті қарауын;

- жекелеген салалар бойынша ішкі аудит қызметтерінің сыртқы өнім берушілерін тарту қажеттілігін бекітетінін;
- ІАҚ өкілеттіліктерінің мерзімін және оның сандық құрамын анықтайтынын және бекітетінін;
- ІАҚ басшысы мен қызметкерлерін тағайындауын, сондай-ақ олардың өкілеттіліктерін мерзімінен бұрын тоқтатуын бекітетінін;
- ІАҚ және оның басшысының негізгі қызмет көрсеткіштерін бекітетінін;
- ІАҚ қызметкерлерінің еңбекақы мен сыйлықақы беру көлемі мен шарттарын бекітетінін;

ІАҚ бюджетінің негізгі баптарына арналған лимиттерді (шығындар сметасын) бекітетінін білдіреді. 6. Әкімшілік есеп беру дегеніміз Қоғам Басқармасы:

- ІАҚ-ның бекітілген бюджетінің аясында қажетті ресурстарды бөлетінін;
- ІАҚ қызметі туралы есепті, қажеттілігіне қарай аудиторлық есепті алатынын;
- Қоғымның ЕТҰ-мен, бөлімшелерімен өзара іс-қимылда қолдау көрсететінін білдіреді.

7. ІАҚ қызметкерлерінің лауазымдық нұсқаулықтарын ІАҚ басшысы бекітеді, ІАҚ басшысының лауазымдық нұсқаулығын ДК төрағасы бекітеді.

4-тарау. ІАҚ функциялары

8. ІАҚ негізгі миссиясы тәуекел-бағытталған тәсілдің, ұсыныстар беру мен білім алмасудың негізінде объективті ішкі кепілдіктерді (тексерулерді) ұсыну арқылы Топ ұйымдарының құнын сақтау және арттыру болып табылады.

9. ІАҚ жүйелі, және бірізді және тәуекел-бағытталған тәсілді қолдана отырып, Топ ұйымдарында корпоративтік басқару, тәуекелдерді басқару және бақылау процестерін бағалауды жүргізеді және оның жетілуіне мүмкіндік туғызады.

10. ІАҚ Топ ұйымдарында төмендегі корпоративтік басқару процестеріне баға және тиісті ұсыныстар беруге тиіс:

- стратегиялық және операциялық шешімдерді қабылдауға;
- тәуекелдерді басқару мен ішкі бақылау жүйесіне қадағалауды жүзеге асыруға;
- ұйым ішінде этикалық нормалар мен құндылықтарды алға бастыруға;
- ұйым қызметін тиімді басқаруды және жұмысқа жауапты қарауды қамтамасыз етуге;
- ұйым ішінде тәуекелдер және бақылау мәселелері туралы тиісті ақпаратты беруге.

11. ІАҚ Топ ұйымдарының мақсаттар, бағдарламалар мен іс-шаралар этикасымен байланысты дизайнды, тәжірибелік іске асырылуын және нәтижелілігін бағалауға тиіс.

12. ІАҚ Топ ұйымдарының стратегиялары мен мақсаттарына ақпараттық технологияларды басқару жүйесі сәйкес келетінін бағалауға тиіс.

13. ІАҚ Топ ұйымдарының тәуекелдерді басқару процестерінің тиімділігін бағалауға тиіс. Тәуекелдерді басқару процестерінің тиімділігін анықтау төмендегі категорияларды бағалау қорытындысы бойынша қалыптасқан ІАҚ қызметкерлерінің пайымдамаларына негізделеді:

- ұйымның мақсаттары оның миссиясына сәйкес келеді;
- елеулі тәуекелдер анықталады және бағаланады;
- ұйымның тәуекел-тәбетінің аясындағы тәуекелдерді ұстауға мүмкіндік беретін

тәуекелдерге әсер ету шаралары таңдалады;

- тәуекелдерге қатысты ақпарат уақытылы жиналады және ұйым ішінде беріледі, бұл персоналға, басшылыққа өз міндеттерін орындауға мүмкіндік береді.

14. ІАҚ осындай тұжырымды қалыптастыру үшін Топ ұйымдарының кешенді аудитінің қорытындыларына негізделуі, немесе Топтың жекелеген ұйымдарының тәуекелін басқару процестерінің тиімділігіне арнаулы бағалау жүргізуі мүмкін.

15. ІАҚ оның тиімділігі мен нәтижелігін бағалай және оның тұрақты жетілуіне жәрдемдесе отырып, Топ ұйымдарына ішкі бақылаудың сенімді жүйесіне қолдау көрсетуге көмектесуге тиіс. Ішкі аудит Топтың жекелеген ұйымдарының корпоративтік басқару, операциялық қызмет саласындағы және оның ақпараттық жүйелеріндегі осы тәуекелдерге бақылаудың барабарлығын да және тиімділігін де бағалауға тиіс, атап айтқанда:

- ұйымның стратегиялық мақсаттарына жетуді;
- қаржылық-шаруашылық қызмет туралы ақпараттың анықтығын және тұтастығын;
- қызмет пен бағдарламалардың тиімділігін және нәтижелігін;
- активтердің сақталуын;
- заңдардың, нормативтік актілердің, саясаттардың, рәсімдер мен шарттық міндеттемелердің талаптарына сәйкестігін.

16. ІАҚ төмендегі салаларда (жеткілікті ресурстар болса) консультациялық тапсырмаларды орындауы мүмкін:

- ішкі бақылау жүйесін құжаттауға қатысуы;
- Топ ішінде ұйымдардың қызметіне салыстырмалы талдау жүргізуі;
- Қоғам қызметінің анықталған салаларына жетекші практиктермен салыстырмалы талдау жүргізуі;
- Қоғамның сатып алынатын жаңа бағдарламалық қамтамасыз етуді бақылауының барабарлығын бағалауға қатысуы;
- оларды ДК бекіткен аудиторлық жоспарға енгізу шартында ғана, Басқарманың сауалы бойынша бақаларына да;
- ЕТҰ ІАҚ үшін ішкі аудиттің әдістемесі саласындағы консультациялар (бар болса);

17. «Аудиттің көлемін» ІАҚ қызметкерлерінің қатысуымен, ІАҚ басшысы жасайды.

18. ІАҚ басшысы сұратылған тапсырмаларды немесе жобаларға қатысуды орындау кезінде ІАҚ қызметкерлерінің тәуелсіздігіне және объективтілігіне әсер ететін келеңсіз факторлардың жоқтығын, ресурстардың, қажетті білімдердің бар-жоғын алдын ала бағалау шартында ғана, ІАҚ Қоғам ДК-нің немесе Басқармасының тапсырмасы бойынша жоспардан тыс басқа тапсырмаларды орындайды және жоспардан тыс басқа жобаларға қатысады.

5-тарау. ІАҚ өкілеттіліктері

19. ІАҚ қызметкерлерінің құқығы бар:

- кез-келген үй-жайларға, персоналға, активтерге, құжаттарға, бухгалтерлік жазбаларға, бағдарламалық қамтамасыз етулерге кедергісіз қолжеткізуді алуға және Топ ұйымдарының қызметі туралы кез-келген ақпаратты сұратуға;
- құжаттардың түпнұсқалары мен көшірмелерін алуға;
- Топ ұйымдарының өткізілген аудиттердің қорытындылары бойынша жүргізген іс-шаралардың орындауына (түзету әрекеттеріне) мониторингті жүзеге асыруға;
- Топ ұйымдарына іссапарға шығуға.

20. ІАҚ қызметкерлері тәуекелдерді басқаруға және тәуекелдерді өлшеуге тікелей қатысудан тартынуға тиіс, бұл Топ ұйымдары басшылығының жауаптылығы болып табылады.

21. ІАҚ ішкі аудит көлемін анықтау, жұмыс жүргізу және қорытындылар туралы есептілікті ұсыну процестеріне үшінші тұлғалардың араласуынан бос болуға тиіс. ІАҚ басшысы араласу болған кезде ДК-ға ақпаратты ұсынуға және ықтимал салдарларды талқылауға тиіс.

22. ІАҚ Топ ұйымдары басшыларына олардың қызметін оңтайландыру/жетілдіру бойынша ұсыныстарды беруі мүмкін.

23. ІАҚ ДК-ға ішкі аудиттің қызметін оңтайландыру/жетілдіру бойынша ұсыныстарды беруі мүмкін.

24. ІАҚ басшысы ішкі аудиттің кәсіпқойлығы жетіспейтін салалардағы жұмысқа қолдау көрсету және көмектесу үшін, тәуелсіздік пен объективтілікті сақтау шартында ғана ішкі аудит бөлімшесінде жұмысқа тартылмаған ішкі/сыртқы эксперттерді тартуға бастамашылық етуі мүмкін.

25. Егер ІАҚ басшысына ішкі аудит саласынан тысқары тұрған функцияларды және/немесе міндеттемелерді орындау жүктелсе, ІАҚ басшысы бас тартуы мүмкін, егер осындай функцияларды/міндеттемелерді орындау тәуелсіздік пен объективтілікке келеңсіз әсер етуі мүмкін болса.

26. ІАҚ ДК міндеттемелеріне кіретін аудит, қаржы есептілігі, корпоративтік басқару, тәуекелдерді және ішкі бақылауды басқару, қадағалау мәселелеріне қатысты ДК отырыстарында болуы және қатысуы мүмкін.

27. Қосарланған функцияларды тиісті түрде қамтуды және барынша азайтуды қамтамасыз ету мақсатында ІАҚ басшысы ақпаратпен алмасуы және Қоғамның қорғаудың екінші желісіндегі басқа да ішкі бөлімшелермен (мысалы: тәуекел-менеджментті басқару, бақылау-тексеру басқармасы, заң қызметі, қауіпсіздік қызметі және т.б.) және кепілдіктер мен консультацияларды ұсыну қызметтерін көрсететін басқа да тараптармен (бар болса сыртқы қаржы аудиторлары, ЕТҰ ІАҚ) қызметті үйлестіруі мүмкін. ІАҚ басшысы Қоғамның бөлімшелерімен бірге Кепілдіктер картасын жасауы мүмкін.

28. Консультациялық тапсырманың сипаты объективтілікке әсер етпейтін шартында ғана, ІАҚ бұрын консультациялық тапсырмалар орындалатын салаларда кепілдіктер беру тапсырмасын орындауы мүмкін, ал тапсырманы орындау үшін еңбек ресурстарын бөлу кезінде жеке объективтілікті қамтамасыз ету көзделеді.

5-тарау. ІАҚ жауаптылығы

29. ІАҚ қызметкерлері ІАҚ қызметкерінің Этика кодексін және осы Ереженің және ішкі аудиттің қызметін реттейтін басқа да ішкі құжаттардың, сондай-ақ қолданыстағы заңнаманың талаптарын сақтауға тиіс.

30. ІАҚ қызметкерлері олар бұрын жауапты болған салаларға бағалау жүргізуден бас тартуға тиіс. Егер ІАҚ қызметкері алдыңғы жылдың ішінде ол жауапты болған салаға кепілдік берсе, онда объективтілік теріс әсерге ұшырайды деп есептелінеді.

31. ІАҚ қызметкерлері өз жұмысында әділ және бір жақты болуға және кез-келген дәрежедегі мүдделер қайшылығы болмауға тиіс.

32. ІАҚ қызметкерлерінің өздерінің лауазымдық міндеттемелерін орындау үшін қажетті білімдерге, дағдылар мен басқа да құзыреттерге ие болуға тиіс. ІАҚ қызметкерлері ІАҚ алдында тұрған міндеттерді орындау үшін қажетті ұжымдық білімдерге, дағдылар мен басқа да құзыреттерге ие болуға және оларды алуға тиіс.

33. ІАҚ қызметкерлері адал болуға және дұрыс пікірлі және құзырлы ішкі аудиторлардан күтілетіндей өз дағдылары мен іскерліктерін қолдануға тиіс.

34. ІАҚ басшысы Қоғамның мақсаттарына сәйкес, тәуекел факторларды бағалаудың негізінде ішкі аудиттің басымдылығын анықтайтын тәуекел-бағытаушы жоспарды құруға тиіс.

35. ІАҚ басшысы ДК бекітуіне ішкі аудиттің жоспарын (қажет болса жылдық және стратегиялық) жоспарын, сондай-ақ ІАҚ бюджетінің негізгі баптарына арналған лимиттерді (шығындар сметасын) жыл сайын ұсынады. ІАҚ басшысы жоспарды орындауға кедергі жасайтын барлық шектеулер туралы ДК-ға хабарлауға тиіс.

36. ІАҚ басшысы ДК алдында (ДК белгілеген мерзімде) тоқсан сайын аудит жоспарының орындалу барысы туралы есеп береді. Есеп алаяқтық тәуекелдерін, корпоративтік басқару проблемаларын, Басқарма мен ДК-ға қажетті басқа да мәліметтерді қоса, елеулі тәуекелдер және бақылаудың проблемалары туралы ақпаратты қамтуға тиіс.

37. ІАҚ басшысы ішкі аудит қызметінің тиімділігі, ІАҚ-ның негізгі қызмет көрсеткіштеріне жетуі, ішкі аудиторлардың қызметін бағалау қорытындылары туралы есепті және уәждеме бойынша ұсыныстарды жыл сайын ДК-ға ұсынады.

38. ІАҚ басшысы бекітілген жоспарды орындау үшін персонал мен ресурстардың тиімді қолданылуын қамтамасыз етуге тиіс.

39. ІАҚ басшысы Қоғам үшін ішкі аудит бөлімшесінің пайдалылығын қамтамасыз ету үшін оны тиімді басқаруға тиіс.

40. ІАҚ басшысы ішкі аудит бөлімшесінің қызметін реттейтін ішкі саясатты және процедураларды енгізуге тиіс.

41. ІАҚ қызметкерлері тапсырманың мақсаттарын, көлемін, оның мерзімін және ресурс бөлуін қамтитын, әрбір аудиторлық тапсырманың орындалу жоспарын жасауға және құжаттауға тиіс.

42. ІАҚ қызметкерлері төмендегілерді назарға ала отырып, жұмысқа кәсіби қатынасын көрсетуге тиіс:

- аудиторлық тапсырманың мақсаттарына жету үшін қажетті жұмыс көлемін;
- оларға қатысты кепілдіктер берілетін мәселелердің салыстырмалы күрделілігін,

маңыздылығын немесе мәнділігін;

- корпоративтік басқару, тәуекелдерді және бақылауды басқару процестерінің барабарлығын және тиімділігін;
- елеулі қателіктің, алаяқтылықтың немесе процедураларды сақтамаудың ықтималдылығын;
- әлеуетті пайдалармен салыстырғанда аудиторлық кепілдіктерді беруге жұмсалған шығындарын.

43. Жұмысқа кәсіби қатынасын көрсете отырып, ІАҚ қызметкерлері аудиттің автоматтандырылған әдістерін және деректерді талдаудың басқа да әдістерін қолдану мүмкіндігін қарауға тиіс.

44. ІАҚ қызметкерлері Топ ұйымдарының мақсаттарына, қызметтеріне немесе ресурстарына әсер етуге қабілетті елеулі тәуекелдерді анықтауға дайын болуға тиіс. Дегенмен, аудиторлық тапсырмаларды орындау кезінде жүзеге асырылатын процедуралар, егер олар тиісті кәсіби деңгейде жүргізілсе де, өз бетімен барлық елеулі тәуекелдерді анықтауға кепілдік бермейді.

45. ІАҚ қызметкерлері тапсырманың мақсаттарына жету үшін сенімді, орынды және пайдалы ақпараттың жеткілікті көлемін жинауға тиіс. (Жеткілікті ақпарат – фактілерге негізделген ақпарат және ол сенімді болғаны соншалықты, дұрыс пікірлі және мәліметі көп пайдаланушы оның негізінде аудитор келген қорытындыға ол да келеді. Сенімді ақпарат – бұл тиісті аудиторлық процедураларды қолдана отырып алуға мүмкін барынша толық және елеулі ақпарат. Орынды ақпарат – бақылау мен ұсыныстарды растайтын және тапсырма мақсаттарына сәйкес келетін ақпарат. Пайдалы ақпарат – ұйымға өз мақсаттарына жетуге көмектесетін ақпарат).

46. ІАҚ қызметкерлері іске жататын жеткілікті көлемде сенімді және пайдалы ақпаратпен тапсырма нәтижелері мен қорытындыларының растауын құжаттамалық бекітуге тиіс.

47. ІАҚ қызметкерлері тапсырманың орындалу қорытындылары туралы хабарлауға тиіс. Хабарламалар нақты, объективті, айқын, қысқа, конструктивті, толық және уақытылы болуға тиіс. Қорытындылары туралы хабарлама тапсырманың мақсаттары, мазмұны және оның орындалу нәтижелері туралы ақпаратты қамтуға тиіс.

48. Тапсырма нәтижелері туралы есептіліктің соңғы нұсқасы тиісті қорытындыларды, сондай-ақ аудит объектісі басшылығының тиісті ұсыныстарын және түзету іс-шараларының жоспарын қамтуға тиіс.

49. Егер ІАҚ басшысының пікірі бойынша Топ ұйымдарының басшылығы қабылдаған қалдықтық тәуекел деңгейі тиімді болуы мүмкін болмаса, ІАҚ басшысы осы мәселені ұйым басшылығымен талқылауға тиіс. Егер қалдықтық тәуекелмен байланысты проблема бұрынғыша шешілмей қалса, ІАҚ басшысы мәселені жедел ДҚ қарауына беруге тиіс.

50. ІАҚ қызметкерлері ІАҚ басшысына аудит барысында анықталған алаяқтық фактілері туралы дереу хабарлауға тиіс. ІАҚ басшысы өз кезегінде бір мезгілде Қоғам Басқармасына және ДҚ-ға осы фактілер туралы дереу хабарлайды.

51. ІАҚ басшысы ІАҚ жұмысының сапасын қамтамасыз ету және арттыру бағдарламасын әзірлейді және енгізеді. Осындай бағдарлама ағымдағы мониторингті, сондай-ақ ішкі аудит сапасына мерзімдік ішкі және сыртқы бағалау жүргізуді қамтиды. Тысқары сарапшыларды тарта отырып ішкі аудит сапасына ішкі бағалау бес жылда кем дегенде бір рет жүргізіледі. Ішкі аудиттің басшысы іс-шараларды қалыптастыруға және ішкі аудит сапасын қамтамасыз ету мен арттыру бағдарламасын қамтамасыз ету және арттыру тиімділігін бағалауға ІА/ДК-ны тартуға жәрдем беруге тиіс.

52. ІАҚ басшысы ІАҚ қызметіне жататын құжаттарға қолжетімділікті бақылауға тиіс. Құжаттарды сыртқы тарапқа берер алдында, ІАҚ басшысы тиісті тәртіпте Қоғам басшылығының мақұлдауын алуға тиіс.

53. ІАҚ басшысы Топ ұйымдары басшылығының аудиторлық тапсырмалардың қорытындылары бойынша қабылданатын іс-қимылдарын (ұсыныстарды енгізу бойынша іс-шаралар жоспарының орындалуын) мониторингілеу жүйесін әзірлеуге және қолдауға тиіс.

7-тарау. Біліктілік талаптары

55. ІАҚ басшысында төмендегілер болуға тиіс:

- 1) қаржы/экономика/математика/заңтану саласында жоғары білімі;
- 2) аудит/бухгалтерлік есеп/ қаржы саласындағы жұмыс тәжірибесі - кем дегенде жеті жыл;
- 3) басқарушы лауазымдағы жұмыс тәжірибесі кем дегенде үш жыл;
- 4) Ішкі аудиторлар институты (The Institute of Internal Auditors Inc) әзірлеген халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын және халықаралық кәсіби ішкі аудит стандарттарын білуге;
- 5) CIA (Certified Internal Auditor) ішкі аудит саласындағы сертификаттың міндетті болуы.
- 6) ACCA (Association of Certified Chartered Accountants) кәнігі бухгалтер сертификатының, немесе DipIFR (Diploma in International Financial Reporting) дипломының;
- 7) ағылшын тілін жетік меңгеру деңгейінің болуы құпталады.

56. ІАҚ-ның басқа қызметкерлерінде төмендегілер болуға тиіс:

- 1) қаржы/экономика/математика/ақпараттық технологиялар/заңтану саласында, немесе техникалық жоғары білімі;
- 2) аудит/бухгалтерлік есеп/қаржы/ақпараттық технологиялар/табиғи уран өндіру процесі саласындағы жұмыс тәжірибесі - бас менеджерлер үшін кем дегенде үш жыл, менеджерлер үшін кем дегенде 2 жыл;
- 3) Ішкі аудиторлар институты (The Institute of Internal Auditors Inc) әзірлеген халықаралық қаржылық есептілік стандарттарын және халықаралық кәсіби ішкі аудит стандарттарын білуге;
- 4) егер Ішкі аудит комитеті ІАҚ басшысының ұсынуы бойынша қызметкерлерді негізгілер деп анықтаса, CIA (Certified Internal Auditor) ішкі аудит саласындағы сертификатының міндетті болуы;
- 5) егер қызметкер ақпараттық технологиялар/ақпараттық қауіпсіздік саласындағы аудитор рөліне ие болса, CISA (Certified information systems auditor) немесе CISM (Certified information security manager) сертификатының міндетті болуы;6) егер 5) және 6) тармақшаларда көрсетілген қызметкерлердің санатына жатпаса, CIA (Certified Internal Auditor), CISA (Certified information systems auditor), CISM (Certified information security

manager) ішкі аудит саласындағы сертификаттың, немесе ACCA (Association of Certified Chartered Accountants) кәнігі бухгалтер сертификатының, немесе DipIFR (Diploma in International Financial Reporting) дипломының болуы құпталады.

7) ағылшын тілін жақсы меңгеру деңгейінің болуы құпталады.

57. ІАҚ басшысында және қызметкерлерінде экономикалық қызмет саласындағы қылмыс үшін, сыбайлас жемқорлық және мемлекеттік қызмет пен мемлекеттік басқару мүдделеріне қарсы басқа да қылмыс үшін заңмен белгіленген тәртіпте жойылмаған немесе алынбаған соттылық болмауға тиіс.

8-тарау. Қорытынды ережелер

58. Осы Ережеге өзгерістер мен толықтырулар ДК шешімімен енгізілуі мүмкін.

59. Осы Ережедегі функционал өзгерусіз ІАҚ атауы өзгерілген жағдайда, қайта ұйымдастырылған бөлімшенің құқықтары мен міндеттемелері автоматты түрде оның заңды мұрагеріне ауысады.

60. Ережеге Қосымша оның ажырамас бөлігі болып табылады және оны жұмыста міндетті қолдану мен сақтауға жатады.

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ		
Мәртебесі: қолданыста	ВА 11 03 АБ	11-ден 2 бет

9-тарау. Қосымша

«Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ
Директорлар кеңесі шешімінің
2017 жылғы «__» _____
№__ хаттамасымен бекітілген
Ішкі аудит қызметі туралы ережеге
1-қосымша

ІАҚ қызметкерлерінің Этика кодексі¹

Қағидаттар

Ішкі аудиторлар келесі қағидаттарды ұстануға тиіс.

1. Адалдық

Ішкі аудитордың адалдығы аудитордың пікіріне сенім негізделетін іргетас болып табылады.

2. Объективтілік

Ішкі аудиторлар аудит объектісі туралы ақпаратты жинау, бағалау және беру процесінде кәсіби объективтіліктің ең жоғары деңгейін көрсетеді. Ішкі аудиторлар іске қатысты барлық жағдайларға ақылға салынған бағалауды жасайды және өз пайымдамаларында өз жеке мүдделерінің немесе басқа тұлғалары мүдделерінің әсеріне ұшырағыш емес.

3. Құпиялылық

Осындай ақпаратты ашу заңды немесе кәсіби міндеттемелермен қабылдауды қоспағанда, ішкі аудиторлар, олар өз қызметінің процесінде алынған ақпараттың меншік құқығына құрметпен қарайды, және оған тиісті өкілеттіліксіз ақпаратты жарияламайды.

4. Кәсіби құзыреттілік

Ішкі аудиторлар ішкі аудит саласында қызмет көрсету үшін қажетті білімдерді, дағдылары мен тәжірибесін қолданады.

Мінез-құлық ережесі

1. Адалдық

Ішкі аудиторлар:

- 1.1) Өз жұмыстарын дұрыс, адал және жауапты орындауға тиіс.
- 1.2) заң аясында әрекет етуге және, егер оны заң немесе кәсіби стандарт талап етсе, тиісті ақпаратты ашуға тиіс.
- 1.3) Ішкі аудитор мамандығының немесе өз ұйымының беделін түсіретін акцияларға немесе іс-қимылдарға саналы түрде қатыспауға тиіс.
- 1.4) Өз ұйымының заңды және этика түрінде ақталған мақсаттарын құрметтеуге және оларға жетуде үлесін қосуға тиіс.

¹ Дереккөз – Аударманы «ІАИ» БС жүзеге асырған Ішкі аудиторлар институтының Этика кодексінің ресми аудармасы, Мәскеу қ., www.iaa-ru.ru

2. Объективтілік

Ішкі аудиторлар:

2.1) Олардың бейтараптығына зиян келтіретін немесе осындай зиян келтіретіндей деп қабылданатын қандай-да бір әрекеттерге қатыспауға тиіс. Бұл сондай-ақ ұйым мүдделеріне қайшы келуі мүмкін қызмет пен қатынасқа тарайды.

2.2) Олардың кәсіби пікіріне зиян келтіруі немесе осындай зиян келтіретіндей деп қабылдануы мүмкін болғандықтан, сыйлыққа ештеңе алмауға тиіс.

2.3) Ашылмағандықтан, аудит объектісі туралы есептің бұрмалануы мүмкін болғандықтан, оларға белгілі барлық материалдық фактілерді ашуға тиіс.

3. Құпиялылық

Ішкі аудиторлар:

3.1) Өз міндеттерін орындау барысында алынған ақпаратты қолдануда және сақтауда ақылды және сақ болуға тиіс.

3.2) Басқа кез-келген түрде заңға қайшы келетін немесе ұйымның заңды және этикалық ақталған мақсаттарына жетуде зиян келтіруі мүмкін, немесе жеке мүддесіне ақпаратты пайдаланбауға тиіс

4. Кәсіби құзыреттілік

Ішкі аудиторлар:

4.1) Оларды орындау үшін жеткілікті кәсіби білімі, дағдылары мен тәжірибесі бар тапсырмаларға ғана қатысуға тиіс.

4.2) Халықаралық кәсіби ішкі аудит стандарттарына сәйкес ішкі аудит қызметтерін көрсетуге тиіс.

4.3) Өзінің кәсіби біліктілігін, көрсететін қызметтердің тиімділігін және сапасын үнемі арттыруға тиіс.